

САЯСИ ИДЕОЛОГИЯ



Саяси идеология – қоғамдық сананың әр түрінде орын тапқан идеялар мен көзқарастар жиынтығы.

- ▣ “Идеология” деген ұғым гректің *идея*- бейне және *логос* – білім деген сөздерінен шыққан.
- ▣ Идеология терминін ғылыми айналымға *А.Дестют де Траси* XVIIғасырда енгізді.
- ▣ Идеология – саяси, құқықтық, этикалық, діни, эстетикалық, фәлсафалық болып келеді.
- ▣ Саяси идеологияның ерекшелігі – саяси болмысты түсіндіреді және оны сақтауға немесе өзгертуге іс-әрекетті бағыттайды.
- ▣ Саяси идеология *Ағартушылық дәуірде* дүниеге келді. Бұл кезде адамдар өздері қойған мақсатына сәйкес қоғамда саналы тәртіп орнату мүмкіндігі туып, прогресс идеясы алға тартылады.

Қоғам өмірінде идеология төмендегідей қызметтер атқарады:


1.Танымдық рөлі

2.Бағдарламалық қызметі

3.Жұмылдыру, іске тарту


4.Амортизациялық қызметі

5.Бағалау қызметі



IDEOLOGY

"He that lives upon hope will die fasting."
--Benjamin Franklin



Либерализм

- ▣ “Либерализм” латын. *либералис* – еркін деген мағынаны білдіреді.
- ▣ Негізін салушылар: Дж. Локк, Ш.Л.Монтескье, А.Смит, И.Кант, Т.Джефферсон, А.Токвиль, Дж.Милль.
- ▣ Либерализм - ең жоғарғы құндылық әрі басымдық ретінде жеке еркіндікті ұстанатын идеология.
- ▣ Либералдық идеологияның негізгі принципі – адамның еркіндігі, тұлғаның табиғи құқықтары мен бостандықтарының қасиеттілігі мен ажырамастығы, олардың қоғам және мемлекет мүдделерінен жоғары тұруы.

Консерватизм


- **Консерватизм** (французша *conservatisme*, латынша *conservativus* - сақтаймын, қорғаймын) - бағдарлардың, ұстанымдардың, қоғамның мемлекеттік-саяси жүйелерінің өміріне қатысты, ондағы адамның орнын анықтауға байланысты құндылықтардың әлеуметтік-философиялық және идеологиялық тұжырымдар жиынтығы.
- Консерватизмнің негізін қалаушыларға *Эдмунд Берк, Жозеф де Местр, Фридрих фон Савиньи, Меттерних* жатады.
- Консерваторлар монархияны қалпына келтіруге және феодалдық-аристократиялық құрылыстың дәстүрлі құндылықтарын қайта түлетуге тырысты. Олардың ойынша, ортағасырлық тәртіп, қауымдастық қатынастар, отбасы, мектеп, шіркеу қоғамды біріктіреді, оның бірлігін және дамудағы сабақтастығын қамтамасыз етеді. Өмірде әдет-ғұрып, дәстүр негізгі рөл атқарады.



Коммунистік

- ▣ **Коммунистік** (латын. коммунис – жалпы) идеялар ХІХ ғасырдың орта кезінде дүниеге келген.
- ▣ Негізін салғандар *Карл Маркс* пен *Ф.Энгельс*. Олардың ойынша, социализмді орнататын бірден-бір күш – жұмысшы табы.
- ▣ Социалистік революция нәтижесінде ескі мемлекет түбірімен қиратылады да, оның орнына жаңа мемлекет – пролетариат диктатурасы орнайды. Жеке меншікті жойып, қоғамдық меншікті орнатқысы келді. Коммунистік қоғамда мемлекет, саясат болмайды деп санады.

У ПАРТИИ И КОМСОМОЛА ОДНА ЦЕЛЬ - КОММУНИЗМ



Социал-демократия

- **Социал-демократия идеологиясы** “демократиялық социализм” идеясын алға тартты.
- Басты құндылықтары – еркіндік, теңдік, әділеттілік және ынтымақтастық.
- Саяси демократияға мынадай негізгі принциптер кіруге тиіс: адам құқықтары, сөз, ой-пікір, баспасөз, білім алу, ұйымдар құру, дінге сену бостандығы, өзін-өзі басқару және т.б.
- Қазір социал-демократтар экологиялық қауіпсіздікке, адамды қоршаған ортаны жаңартуға, жандандыруға көп көңіл бөлуде.
- “Демократиялық социализм” тұжырымдамасы Швеция, Австрия, Швейцария, Норвегия және т.б. Еуропа елдерінде табысты іске асуда.

Фашизм

Фашизм (итал.фашизмо – бірлестік деген сөзінен шыққан) 1919 ж. Италия мен Германияда пайда болған.

Негізін салушылар :*Ф.Ницше, Дж.Джентилле, О. Шпенглер.*

Бұл идеологияның басты ерекшеліктері – еңбекшілерді басып-жаншу үшін зорлықтың шектен шыққан түрлерін қолдану, шовинизм, нәсілшілдік, экономиканы мемлекеттік-монополиялық реттеу тәсілдерін кеңінен пайдалану, азаматтардың қоғамдық және жеке өмірін толық бақылау идеялары кең тарайды



САЯСИ МЭДЕНИИЕТ

Саяси мәдениет – белгілі бір қоғамға немесе әлеуметтік қауымдастыққа тән саяси сана мен іс-әрекеттердің ұқсастық жиынтығын айтады.

Саяси мәдениет деген ұғымды бірінші қолданып, ғылыми әдебиетке енгізуші деп XVIII ғасырда өмір сүрген немістің ағартушысы, фәлсафашы Иоганн Гердерді санайды.

Саяси мәдениеттің қызметтері:

Танымдық



Тәрбиелік



Қорғау

Реттеушілі

қ



Біріктірушілік

ік



Сабақтастық